

Нагимова Гаухар Хайратовнаның 8D09102 – «Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Опока-минералдық азықтық қоспасын пайдалану кезінде құс етін ветеринариялық-санитариялық бағалау» орындалған диссертациялық жұмысына

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Докторанттың диссертациялық жұмысы 2025-2027 жж. АР26198945 «Құстардың зен саңырауқұлақтары токсиндерімен улану кезінде минералды сорбенттер жасау және олардың емдік әсерін бағалау» ғылыми жобасы шеңберінде орындалды. Мемлекеттік тіркеу № 0125PK00585.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Ғылыми жұмыс ветеринария ғылымының, соның ішінде ветеринариялық-санитариялық сараптау ғылымының дамуына үлесін қосады. Зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша опока минералды азықтық қоспасы пайдаланылған бройлер етінің ветеринариялық-санитариялық көрсеткіштеріне оң әсер ететін маңыздылығы ашылған және пайдалы модельге патент алынған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Жоғары. Диссертация ғылыми тілде, түсінікті

		<p>1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.</p>	<p>жазылған. Белгілі зерттеу бөлімдерін өзі орындаған: атап айтқанда топтарға бөліп тәжірибелерді жүргізу, сынамаларды алу, алынған зерттеу нәтижелерін талдау бөлімдері.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Негізделген. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығынан ашылған, себебі балапандарды сақтап қалу, иммунитетін көтеру, сондай-ақ бройлер өнімділігін арттыру, жоғары сапалы, тағамдық құндылығы мол өнім алу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Осы орайда жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде опока азықтық қоспасы құстардың өсуіне, қанының биохимиялық, гематологиялық көрсеткіштеріне, етінің органолептикалық, физикалық-химиялық, микробиологиялық көрсеткіштеріне, химиялық, минералдық және аминқышқылдар құрамының сапасына жақсы әсер ететіндігі ғылыми тұрғыда негізделген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.</p>	<p>Айқындайды. Диссертация тақырыбы диссертация мазмұнында толықтай ашылған және барлық бөлімдері мен тақырыбымен сәйкес келеді.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Сәйкес келеді. Жұмыстың алдына қойылған мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Автор алдына қойылған мақсатты орындауда міндеттерді толықтай орындаған.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Толық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері өзара толық байланысқан, кіріспе, әдебиетке шолу, материалдар мен зерттеу әдістері, нәтижелерді талдау, қорытынды бөлімі және пайдаланылған әдебиеттер тізімі, тұжырымдар мен қорытындылар логикалық толықтай</p>

			байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Сыни талдау бар. Автор жаңа шешімдер ұсынған және бұрынғы белгілі шешімдермен салыстырып бағалаған. Әр қорытынды зерттеу нәтижелерінен алынған мәліметтерден құралған. Әрбір қолданған әдіске әдебиет көздеріндегі шешімдермен салыстыра отырып сыни талдау жасалған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Батыс Қазақстан облысы құс фермаларында бұрын құстарды өсіруде қолданылмаған жергілікті опока минералды азықтық қоспасының бройлер балапандарының өсуіне, қанының құрамына, етінің сапасына тигізетін әсері зерттелді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады, алынған зерттеу нәтижелері туындаған және алғаш рет ұсынылуда.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ішінара жаңа. Диссертацияны орындау барысында жалпылама әдістермен бройлер етіне ветеринариялық-санитариялық сараптау жүргізген. Ет сапасын анықтайтын заманауи әдістемеліктерді қолданғанда диссертация маңызы арта түсер еді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куоолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Зерттеулер нәтижесінде алынған және диссертациялық жұмыста баяндалған ғылыми деректер, қорытындылар және ұсыныстардың ғылыми негізделу дәрежесі жоғары.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме?	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер толығымен дәлелденді. Диссертациялық жұмыстың қорғауға

	<p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>шығарылған қағидаттары тривиалды емес, жаңашылдығы бар. Қорғауға ұсынылған негізгі мәселелер жаңа. Диссертант өзінің диссертациялық жұмысында алғаш рет опока минералды азықтық қоспасының бройлер құстарының физиологиялық жай-күйі мен өсіміне жақсы әсер ететіндігі анықталған. Диссертациядағы нәтижелерді бройлер өсірумен айналысатын шаруашылықтарға кеңінен қолдануға болады.</p> <p>Диссертациялық жұмыс көлемінде алынған материалдар докторанттың жарық көрген мақалаларында жан-жақты дәлелденген. Montayeva N., Nagimova G., Kereyev A. K., Sengaliyev Y., Kozhayeva A., Zakirova F., Abirova I., Sariyev N., Paritova A., Nurzhanova F., Valiyeva Zh. Effect of opoka use on meat productivity, nutritional, biological value and quality of broiler meat. International Journal of Veterinary Science 14(3): 440-448. https://doi.org/10.47278/journal.ijvs/2024.271 (CiteScore 3,2 тең, жалпы ветеринария бойынша процентілі – 76)</p>
<p>8. Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p>	<p>Ия. Зерттеу барысында әдістеменің таңдауы негізделген және зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Әдіснама диссертациялық жұмыста нақты жазылған.</p> <p>Ия. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана</p>

		1) ия; 2) жоқ.	отырып алынған. Алынған нәтижелер статистикалық өңделген. Алынған сандық материал биометриялық әдістерді қолдана отырып, Students t-тесті және Microsoft Office (Excel) біріктірілген пакетін пайдалана отырып өңделген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Ия. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен зертхана жағдайында заманауи құрылғылармен, сондай-ақ жалпы әдістерімен алынған нәтижелермен дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Жұмыс барысында қолданылған негізгі ғылыми тұжырымдар, мәлімдемелер және ұсыныстар нақты және сенімді отандық, шет елдік әдебиеттерге, соның ішінде халықаралық және отандық зерттеулерге сілтемелер арқылы толық расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға және негізгі мәселелерді шешуге жеткілікті.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Бар. Диссертацияның теориялық маңызы бар, себебі алғаш рет опока азықтық қоспасының бройлер құстарының физиологиялық жай-күйі мен өсіміне жақсы әсер ететіндігін анықтаған және бройлер етінің сапасына оң әсері зерттелген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Ия. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Бройлер өсірумен айналысатын шаруашылықтарда, рационның құрамына қосымша қолдануға болады. Бройлер етінің өнімділігі мен сапасын арттыру тәсіліне пайдалы модельге патент алынған.

		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыс барысында алынған зерттеу нәтижелері бойынша тәжірибелік ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы – жоғары. Диссертациялық жұмыста тақырып бойынша отандық, ТМД елдері және шет ел ғалымдарының соңғы 5-10 жыл көлеміндегі зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне терең талдау жүргізілген қорытындылар жасалған жұмыс нәтижелерінен алынған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Мәтінде стилистикалық және орфографиялық қателер кездеседі. Диссертация тақырыбын «Құс етін» дегеннен гөрі «бройлер етін» деп нақтыласа дұрыс болар еді. Жалпы ескертулер диссертация маңызын жоймайды және жүргізілген зерттеулердің оң бағасына әсер етпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері бойынша 6 ғылыми мақала жарияланған. Соның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда 3 (үш) мақала, 2 – халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында, 1 – Scopus дерекқорына кіретін журналда, 1 – пайдалы модельге патент және әдістемелік ұсынымдар шығарған. Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша мақалаларының ғылыми деңгейі талапқа сай жазылған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Нагимова Гаухар Хайратовнаның «Опока-минералдық азықтық қоспасын пайдалану кезінде құс етін ветеринариялық-санитариялық бағалау» тақырыбындағы диссертациясы өзекті

тақырыпқа арналған, әдістемеліктер дұрыс қолданылған. Практикалық маңызы жоғары, ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сай толық аяқталған ғылыми жұмыс. Сондықтан да, 8D09102 – «Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі тағайындалуын ұсынамын.

Ресми рецензент:

Алматы технологиялық университетінің қауымдастырылған профессоры, PhD

Абдигалиева Т.Б.

« 30 » 01 2026 жыл

Қолы / Подпись: ресурстарын дамыту департаментінің директоры / Подпись: директор департамента развития человеческих ресурсов